ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМА

1273738 сатып алу бойынша
Ашық тендер тәсілімен

Лот № (13 У, 4591322) Биллинг қызметтері

Тапсырыс беруші: "QazaqGaz Aimaq" акционерлік қоғамы
Ұйымдастырушы: "QazaqGaz" Ұлттық компаниясы" Акционерлік қоғамы

1. ТЖҚ қысқаша сипаттамасы

Атауы	**Мәні**
Жол нөмірі	13 У
Атауы және қысқаша сипаттамасы	Биллинг қызметтері, Билингтік процестерінің кешенді қызметі
Қосымша сипаттама	Билингтік процестерінің кешенді қызметі.
Саны	1.000
Өлшем бірлігі	-
Жеткізу орны	ҚАЗАҚСТАН, Қызылорда облысы
Жеткізу шарттары	-
Жеткізу мерзімі	01.2027 бастап 12.2027 дейін (қоса алғанда)
Төлем шарттары	Алдын ала төлем - 0%, Аралық төлем - 100%, Соңғы төлем - 0%

2. Сипаттамасы және талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары

2.1. Қызметтің сипаттамасы.

2.1.1. Орындаушы шарт жасалған күннен бастап 2 жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіге қызметтер көрсету үшін қажетті жоспарланған шығындар құрылымы туралы негізделген ақпаратты, оның ішінде мынадай міндетті санаттарды ұсынады:

2.1.1.1. Тұтынушыларға қызмет көрсету жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыруға және жүргізуге арналған шығыстар, оның ішінде бақылаушылардың еңбегіне ақы төлеу, есепке алу аспаптарының көрсеткіштерін алу, тұтынушылармен өзара іс-қимыл жасау, түбіртектерді жеткізу, көлік және өзге де ілеспе шығыстар.

2.1.1.2. Орындаушының бағдарламалық-техникалық кешенін (бұдан әрі – БТК) пайдалану мен сүйемелдеуге және түбіртектерді басып шығаруға арналған шығындар.

2.1.2. Әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету мақсатында Орындаушы қызметтер көрсетуге бұрын тартылған қызметкерлер қатарынан бақылаушыларды Тапсырыс беруші ұсынған тізім бойынша, Шарттың № 4 қосымшасында белгіленген мөлшерде және еңбекақы деңгейімен тартуға міндетті.

2.1.3. Техникалық сипаттаманың 2.1.1.1-тармағына сәйкес тұтынушыларға қызмет көрсету жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыруға және жүргізуге арналған шығыстар сомасы ай сайын мынадай формула бойынша есептелуге тиіс:

S = Sбаст. + Sай.

мұндағы:

S – тұтынушыларға бір айда қызмет көрсетуге арналған шығыстар сомасы.

Sбаст. – осы Техникалық сипаттаманың 2.1.1.1-тармағында көрсетілген шығыстар сомасының жартысына тең тұрақты шығыстар бөлігі; ол бастапқы есептеу кезінде қалыптастырылады және шарттың қолданылу мерзімі ішінде өзгермейді. Sбаст. тұтынушыларға қызмет көрсету жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыруға және жүргізуге арналған шығындардың бір

бөлігі тұрақты сипатта болатынын және абоненттік базаның санына тәуелді емес екенін ескере отырып, 2.1.1.1-тармақта көрсетілген шығыстар сомасының жартысы деңгейінде белгіленеді;

Sай. – ай сайын мына формула бойынша есептелетін шығыстардың айнымалы бөлігі:

Sай. = K×(A – D + (0.08×N) + (2×B) – (0.75×T) - O)

мұндағы:

K – Sбаст. және техникалық сипаттаманың 2.1.6 тармағында көрсетілген тұтынушылар саны негізінде айқындалатын және шарттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін қолданылатын тұрақты шама. Тұрақты шаманың мәні мына формула бойынша есептеледі:

K = Sбаст. / (A – D + (0.08×N) + (2×B) – (0.75×T))

A – газды есепке алу аспабы бар тұрмыстық тұтынушылар саны;

N – есепке алу аспаптары жоқ тұрмыстық тұтынушылар саны;

B – коммуналдық-тұрмыстық тұтынушылар саны;

T – 2027 жылы телеметриямен есепке алу аспаптары арқылы көрсеткіштерді қашықтықтан берген тұрмыстық тұтынушылар саны;

D - 2026 жылы қашықтықтан көрсеткіштерді берген тұрмыстық тұтынушылар саны– 58 584 тұтынушылар;

D және T-қашықтықтан көрсеткіштерді беретін тұтынушылар.

O – есепке алу аспабының көрсеткіші жоқ тұтынушылар саны;

* A, N, B, T, O есепті айдың соңғы күніндегі жағдай бойынша айқындалады;

** Формулада қолданылатын коэффициенттер (2.1.3-т.) тұтынушылардың әртүрлі санаттарына нақты қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып айқындалған:

- 0.08×N – есепке алу аспаптары жоқ тұрмыстық тұтынушыларға (норматив бойынша есептелетін тұтынушыларға) міндетті түгендеу шеңберінде бақылаушы жылына бір рет қана баруға тиіс екенін ескереді. Ай сайын қайта есептегенде бұл 1/12 ≈ 0,08 құрайды.

- 2×B – коммуналдық-тұрмыстық тұтынушыларға қызмет көрсетудің еңбек сыйымдылығы жоғары екенін көрсетеді. Бір коммуналдық-тұрмыстық тұтынушыға есепке алу аспабы бар бір тұрмыстық тұтынушымен салыстырғанда бақылаушылардың ресурстары 2 есе көп жұмсалады (объектілердің күрделілігіне, қайта бару қажеттілігіне және қосымша құжаттаманы жүргізуге байланысты).

- 0.75×T – көрсеткіштерді қашықтан беретін тұрмыстық тұтынушыларды ескереді. Оларға ай сайын бару талап етілмейді, алайда жылына 3 рет: түгендеу кезінде 1 рет және деректердің дұрыстығын іріктеп бақылау үшін қосымша 2 рет нақты тексеру жүргізілуге тиіс. Бір айға қайта есептегенде бұл (12–3)/12 = 0,75 құрайды.

- O – есепке алу аспабының көрсеткіші жоқ тұтынушылар. Мұндай объектілерге іс жүзінде қызмет көрсетілмеген, сондықтан олар бойынша шығыстар төлеуге жатпайды.

2.1.4. Осы тармақта көзделген формула бойынша шығыстар сомасын есептеу әрбір күнтізбелік тоқсанның бірінші айының соңғы күніне қалыптасқан A, N, B, T және O көрсеткіштерінің нақты мәндері негізінде әрбір күнтізбелік тоқсанның бірінші айының қорытындылары бойынша жүзеге асырылады. Есептеу нәтижелері бойынша алынған сома барлық ағымдағы күнтізбелік тоқсанға көрсетілетін қызметтердің ай сайынғы құнын оны өзгертпей айқындау кезінде қолданылады. Кезекті тоқсан аяқталғаннан кейін есептеу көрсеткіштердің өзекті мәндерін пайдалана отырып қайта жүргізіледі.

2.1.5. Орындаушыға төленетін ай сайынғы төлем Техникалық сипаттаманың 2.1.3-тармағында көрсетілген формула бойынша есептелген S шамасы мен БТК-ны пайдалану және сүйемелдеу шығыстарының сомасы ретінде айқындалады.

2.1.6. Қызметтер көрсету басталған кезде қызмет көрсетілетін тұтынушылардың жалпы саны 169 425 құрайды, оның ішінде:

- Жеке сектор – 108 777;
- Көппәтерлі сектор – 56 334;
- Коммуналдық-тұрмыстық сектор – 4 314 ,

Оның ішінде^

есепке алу аспабы бар тұрмыстық тұтынушылар: 152 286;

есепке алу аспабы жоқ тұрмыстық тұтынушылар: 12 825 .

2.1.7. Қызметтер Шарттың 4-қосымшасына сәйкес мына аудандарды қоса алғанда, Қызылорда облысының аумағында көрсетіледі.

2.1.8. Шарт жасалған күннен бастап 2 жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіге БТК-ны пайдалану құқығын және Тапсырыс берушінің кемінде 25 (жиырма бес) және 50-ден (елу) аспайтын пайдаланушысына санкцияланған қолжетімділікті ұсыну қажет. Бұл қолжетімділік Шарттың қолданылу кезеңінде Тұтынушылармен ақпараттық-анықтамалық жұмыс жүргізу үшін Тапсырыс берушіге қажетті функционалдық деңгейді, Орындаушының кеңсесінде орналасқан жүйеге жұмыс күндері (дүйсенбіден жұмаға дейін) сағат 8:00-ден 19:00-ге дейін, демалыс (сенбі, жексенбі) және мереке күндері – Тараптардың келісімі бойынша «on-line» режимінде қашықтан қолжетімділік беру арқылы қамтамасыз етеді (келісу электрондық пошта арқылы жұмыс күндері сағат 8:00-ден 17:00-ге дейін жүргізіліп, кейіннен ресми хат ұсынылуы мүмкін).

2.2. Орындаушының функционалдық міндеттері

2.2.1. Тұтынушылармен және деректермен жұмыс

2.2.1.1. Тапсырыс беруші тұтынушыларының деректер базасын БТК-да жүргізу.

2.2.1.2. Есепке алу аспаптарын пайдаланатын көппәтерлі сектордың тұрмыстық тұтынушыларын көрсеткіштерді электрондық түрде беруге көшіру.

2.2.1.3. 2027 жылғы 30 маусымға дейін – барлық қолданыстағы тұтынушылар туралы ақпаратты жаңарту (оның ішінде тұратын адамдар саны, жылыту алаңы, абаттандыру түрі, орнатылған газ аспаптары және т.б.).

2.2.1.4. Жаңа тұтынушылар бойынша ұқсас ақпаратты жинау.

2.2.1.5. Тұтынушыларға газ көлемдерін газды есепке алу аспаптарының көрсеткіштері бойынша, ал жеке немесе ұжымдық есепке алу аспаптары болмаған, олар ақаулы болған не газ жабдығының параметрлеріне сәйкес келмеген жағдайларда, сондай-ақ есепке алу аспабын тексеру мерзімі өтіп кеткен кезде бекітілген тұтыну нормалары бойынша есептеу.

2.2.1.6. Есепке алу аспаптарының көрсеткіштері туралы деректерді енгізу тек рұқсат етілген тіркеу тәсілдерін пайдалану арқылы алынған анық және расталған мәліметтер негізінде жүзеге асырылуға тиіс, оның ішінде бақылаушының жеке баруы, фотофиксация, тұтынушының мобильді қосымша арқылы беруі, мультимедиялық хабарламалар, телефон, электрондық арналар, қысқа хабарлама, қолданыстағы мессенджерлер, екінші деңгейдегі банктердің интернет/мобильді банкингі, мемлекеттік қызметтер порталы (eGov) не газды есепке алу аспаптарының көрсеткіштерін тіркеуді қамтамасыз ететін өзге де байланыс тәсілдері арқылы. Орындаушы қашықтан берілген көрсеткіштер үшін жауапкершілік көтермейді.

2.2.1.7. Орындаушы әрбір есепті айда есепке алу аспаптарын пайдаланатын тұтынушылардың жалпы санының кемінде 90%-ы бойынша (көрсеткіштерін қашықтан берген тұтынушыларды есепке алмағанда) көрсеткіштерді нақты алуды қамтамасыз етуге міндетті. Көрсеткіштерді алу мүмкін болмаған жағдайда (қолжетімділік шектелген, аспап ақаулы және т. б.) ақпарат себебі мен растайтын материалдары көрсетіле отырып жүйеде тіркеледі.

2.2.1.8. Ай сайын 10-күнге дейін тұтынушылар бойынша газ тұтыну теңгерімінің актісін қалыптастырып, Тапсырыс берушіге растауға жіберу.

2.2.1.9. Алдыңғы айдың төлемдері мен көлемдері туралы ақпаратты енгізу аяқталғаннан (есепті ай жабылғаннан) және Тапсырыс беруші газ тұтыну теңгерімі актісін растағаннан (қол қойғаннан) кейін 2 (екі) жұмыс күні ішінде Тұтынушыларға Тапсырыс берушінің қызметтерін төлеуге арналған шоттарды қалыптастыру.

2.2.1.10. Ай сайын есепті айдан кейінгі айдың 10-күніне дейін Шарттың

№ 5–17 қосымшаларына сәйкес талап етілетін есептік ақпаратты Тапсырыс берушіге ұсыну.

2.2.1.11. Есепті ай жабылған және Тұтынушыларға шот қалыптастыру аяқталған күннен бастап 7 жұмыс күні ішінде түбіртектерді басып шығару және жеткізу.

2.2.1.12. Бұрын түбіртектерді электрондық түрде алмаған тұрмыстық тұтынушыларды түбіртектерді электрондық форматта алуға көшіру.

2.2.1.13. Орындаушы қалыптастырылған түбіртектерді (PDF форматында және/немесе құрылымдалған машинада оқылатын форматта) тұтынушылар пайдаланатын үшінші тараптың сыртқы жүйелері мен қосымшаларына беру мүмкіндігін қамтамасыз етуге тиіс.

2.2.1.14. Тұтынушылардың мекенжайына өзге де хат-хабарларды (берешектің бар екені туралы хабарламалар, есепке алу аспабын тексеру мерзімдері туралы хабарламалар, шарт талаптарының өзгеруі туралы хабарламалар, қосымша келісімдер, шарттар, тұтынушылардың газды қауіпсіз пайдалану жөніндегі жадынамалары, талап-арыз жұмысына байланысты құжаттар) Тапсырыс берушіден тиісті тапсырма алынған сәттен бастап 10 күнтізбелік күн ішінде жеткізу.

2.2.1.15. Тауарлық газ үшін Тұтынушыларға есептеулер жүргізу және олардан түсетін төлемдерді есепке алу.

2.2.1.16. Есепті кезеңде тұтынылған тауарлық газ көлемі бойынша есептелген соманың және мерзімі өткен дебиторлық берешектің кемінде 90%-ы деңгейінде Тұтынушылардан газ үшін төлемдердің жиналуын қамтамасыз ету, бұған Тапсырыс беруші Тұтынушылардан талап-арыз тәртібімен өндіріп алатын дебиторлық берешек және Тапсырыс берушімен келісілген кепілдік міндеттемелері бар берешек сомалары кірмейді. Төлемдерді жинауға Тұтынушылар төлеген, тұрғын үй көмегі бойынша түскен, басқа ұйымдармен өзара есепке жатқызу арқылы және Тұтынушылардың Тапсырыс беруші көрсеткен қызметтер үшін енгізген өзге де төлемдері жатады.

2.2.1.17. Тапсырыс берушінің атынан газ жеткізу үшін Тұтынушылардан дебиторлық берешекті өндіріп алу, тауарлық газды пайдалану қағидаларын бұзғаны үшін қосымша есептеу бойынша талап-арыз жұмысын жүргізу және сот шешімдерінің орындалуы жөніндегі жұмысты бақылау. Сот талаптары/өтініштері бойынша мемлекеттік бажды, сондай-ақ нотариаттық қызметтер мен пошта жөнелтілімдерін жеткізу қызметтеріне арналған шығыстарды Тапсырыс беруші төлейді.

2.2.1.18. Жүргізілген төлемдер туралы ақпаратты өңдеу.

2.2.1.19. Ағымдағы төлемдердің түсу барысын талдау.

2.2.1.20. Көрсетілген қызметтер көлемін есепке алу.

2.2.1.21. Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 3 қарашадағы № 96 бұйрығымен бекітілген «Тауарлық және сұйытылған мұнай газын бөлшек саудада өткізу және пайдалану қағидаларын» Тұтынушылардың бұзу фактілерін анықтау және тіркеу, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес бұзушылық туралы акт жасау, Тапсырыс берушімен келісу бойынша есепке алынбаған газ көлемін кейіннен есептеу, оны одан әрі Деректер базасына енгізу және Тұтынушыларға төлем шоттарын қалыптастыру мен ұсыну, атап айтқанда мына жағдайларда:

2.2.1.21.1. газбен жабдықтау жүйесіне, оның ішінде жеке есепке алу аспабын айналып өтіп, өз бетінше қосылған кезде;

2.2.1.21.2. кірме құбырдағы кранды пломбалау арқылы ажыратылған Тұтынушының пломбасы болмаған/бүлінген кезде, сондай-ақ газды есепке алу аспабындағы штуцерлік пломба бүлініп, газды рұқсатсыз алу мүмкіндігі туындаған кезде;

2.2.1.21.3. газды (шланг арқылы, жасырын желі орнату жолымен, есепке алу аспаптарын айналып өтіп) және газ жабдығын ұрлау кезінде;

2.2.1.21.4. газ шығынын есепке алу аспабына араласу фактісі тексеру зертханасымен және сараптамалық тексеру жүргізетін тиісті ұйыммен расталған кезде;

2.2.1.21.5. газды есепке алудың қолданыстағы схемаларына өз бетінше өзгерістер енгізілгенде, қосымша газ жабдығын ауыстырып орнатқанда, монтаждағанда/демонтаждағанда, үйішілік және пәтерішілік газ құбырлары қайта жабдықталғанда. Тауарлық газды пайдалану қағидаларын бұзғаны үшін жеткізушімен келісу бойынша есептеулер жүргізу және деректер базасына енгізу.

2.2.1.22. Заңнамада және (немесе) шартта белгіленген тәртіппен Тұтынушы газды пайдалану қағидаларын бұзған кезде кірістегі кранды жауып, кейіннен пломбалау немесе дәнекерлеу арқылы ажырату жолымен газ беруді тоқтата тұруға қатысу, атап айтқанда:

2.2.1.22.1. Тұтынушының газбен жабдықтау жүйелері объектілерінің қауіпсіздік талаптарын бұзуы.

2.2.1.22.2. Газды заңсыз тұтынуға әкеп соққан газбен жабдықтау жүйесіне өз бетінше және/немесе заңсыз қосылу.

2.2.1.22.3. Газбен жабдықтау жүйелері объектілерінің техникалық ақауы.

2.2.1.23. Тапсырыс берушінің атынан заңнамада және (немесе) шартта белгіленген тәртіппен газ жабдығын, газ құбырын және есепке алу аспаптарын (олар болған кезде) қатарынан екі есептік кезең ішінде тексеруге жол бермеген жағдайда кемінде 5 күнтізбелік күн бұрын алдын ала хабарлай отырып, газ беруді тоқтата тұруды жүзеге асыру және оған қатысу.

2.2.1.24. Терминалдар мен интернет-банкинг арқылы түсетін төлемдер туралы ақпаратты автоматтандырылған өңдеу.

2.2.1.25. Тұтынушылардың дербес деректерін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жинау, сақтау, жаңарту және есепке алу.

2.2.1.26. Қызмет көрсету учаскелерінің Тапсырыс беруші қабылдау-тапсыру актісі бойынша уақытша пайдалануға ұсынатын үй-жайларда жұмыс істеуін қамтамасыз ету (ағымдағы техникалық жай-күйі мен есепке алу аспаптарының көрсеткіштерін тіркей отырып).

Учаскелердің жұмыс істеуін қамтамасыз ету шеңберінде Орындаушы өз қаражаты есебінен:

- есепке алу аспаптарының көрсеткіштері негізінде қызмет көрсету учаскелері нақты тұтынған коммуналдық қызметтерді (электрмен жабдықтау, сумен жабдықтау, жылыту) төлеуді;

- ұсынылған үй-жайларға ағымдағы (косметикалық) жөндеу жүргізуді;

- қызмет көрсету учаскелерінің аумағында байланыс қызметтерін, интернет-қосылуды, күзетті және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етуді;

- үй-жайларды қажетті жиһазбен, компьютерлік және ұйымдастыру техникасымен жабдықтауды, сондай-ақ оларға техникалық қызмет көрсетуді, жөндеуді және шығыс материалдарымен қамтамасыз етуді жүзеге асырады.

Тапсырыс беруші өз қаражаты есебінен:

- учаскелердің үй-жайларына кіргізу нүктесіне дейінгі ғимараттарды, үй-жайларды, шатырларды, қасбеттерді және магистральдық инженерлік желілерді (сумен жабдықтау, кәріз желілерімен, жылыту, электрмен жабдықтау) күрделі жөндеуді жүргізуді, сондай-ақ оларды нысаналы пайдалануға жарамды үй-жайлармен қамтамасыз етуді.

Ерекше талаптар:

- Шартты орындау барысында Орындаушы өз қаражаты есебінен сатып алған/орнатқан жиһаз, компьютерлік, ұйымдастыру техникасы, сондай-ақ өзге де жылжымалы мүлік пен жабдық Орындаушының меншігі болып табылады және осы Шарт тоқтатылған немесе бұзылған кезде Орындаушы оларды еркін бөлшектеп алып кетуге құқылы.

2.2.1.27. Тұтыну көлемдері мен төлеуге жататын сомаларды есептеу тұтынушының белгіленген санатына (халық, атаулы әлеуметтік көмек (АӘК) алушылар, тұрғын үй көмегін (ТҮК) алушылар) және оған қолданылатын бағаларға сәйкес жүргізілуге тиіс.

2.2.1.28. «Әлеуметтік әмиян» сервисімен интеграция арқылы ақпараты келіп түсетін АӘК және ТҮК алушы тұтынушылар үшін сомаларды есептеу жергілікті атқарушы органдар белгілеген нормалар шегінде қатаң жүзеге асырылуға тиіс.

2.3. БТК-ға қойылатын талаптар. Осы қызмет шеңберінде Орындаушы:

2.3.1. Тапсырыс беруші мамандарының жүйеге қол жеткізуіне арналған қашықтағы жұмыс орындарын құруды және сүйемелдеуді;

2.3.2. БТК-ға қашықтан қолжетімділікті ұсынуды және әкімшілендіруді жүзеге асырады.

2.3.3. БТК Шарттың № 5 - 17 қосымшаларына сәйкес Тапсырыс беруші бекіткен есептілік нысандарының барлығына тәулік бойы (24/7) қолжетімділікті қамтамасыз етуге тиіс. Нысандар төмендегідей болу қажет:

2.3.3.1. өзекті болуы және база деректері негізінде нақты уақыт режимінде жаңартылуы;

2.3.3.2. Excel, CSV және PDF форматтарында қарауға және жүктеп алуға қолжетімді болуы;

2.3.3.3. Түрлері бойынша топтастырылуы: тұтыну, есептеулер, төлемдер, берешек, ажыратулар, бұзушылықтар және т.б.;

2.3.3.4. Пайдаланушылардың рөлдері бойынша қол жеткізу құқықтары ажыратылуы тиіс.

2.3.3.5. Есептілік нысандарын қалыптастыру уақыты 5 минуттан аспауға тиіс.

2.3.4. БТК әрбір тұтынушының толық тарихы мен ағымдағы жай-күйін көру мүмкіндігі бар жеке карточкасының болуын көздеуге тиіс. Карточкада кемінде мынадай деректер болуы тиіс:

2.3.4.1. Сәйкестендіру деректері (Т.А.Ә., мекенжайы, дербес шоты, тұтынушы мәртебесі, ұялы телефоны), дербес деректер (ЖСН, жеке куәлік не паспорт деректері).

2.3.4.2. Айлар бойынша есептеулер мен төлемдер тарихы.

2.3.4.3. Талап-арыз жұмысы туралы деректер.

2.3.4.4. Айлар бойынша газ тұтыну көлемдері.

2.3.4.5. Есепке алу аспаптары туралы мәліметтер, оның ішінде түрі, орнатылған күні мен тексеру мерзімі, есепке алу аспабының орнатылған орны, шығарылған жылы, маркасы.

2.3.4.6. Анықталған бұзушылықтар, олардың күндері мен салдары туралы ақпарат.

2.3.4.7. Тұрмыстық тұтынушылар үшін – хабарламалар мен ажыратулар тарихы.

2.3.4.8. Коммуналдық-тұрмыстық тұтынушылар үшін – хабарламалар, ажыратулар және шарттарды жасасу/бұзу тарихы.

2.3.4.9. Қолданылған санкциялар (бұзушылықтар бойынша есептеулер, ажыратулар, өсімпұл және т.б.).

2.3.4.10. Тарату желісі, учаске, шағын учаске, тұратын сектор бойынша мәліметтер.

2.3.4.11. Есепке алу аспабының тарихы, газ жабдығын орнату, пломбалар тарихы бойынша мәліметтер.

2.3.4.12. Техникалық сипаттамалар бойынша мәліметтер (жылыту алаңы, тұратын адамдар саны, моншаның болуы немесе болмауы, абаттандыру коды).

2.3.4.13. Пломбалар бойынша мәліметтер (нөмірі, маркасы, орнатылған орны).

2.3.5. Телекоммуникациялық жабдықты баптауға қойылатын талаптарды (IP-мекенжайлар, порттар және т.б.) дайындау;

2.3.6. Жүйеде пайдаланушылар рөлдерін басқару функциясы іске асырылуға тиіс. Іске қосылған сәтте мынадай рөлдер қолжетімді болуы тиіс:

2.3.6.1. Әкімші: пайдаланушыларды, жүйелік журналдарды басқару және мониторинг жүргізу.

2.3.6.2. Директор: ағымдағы қызметті талдау.

2.3.6.3. Менеджер (Халық/КТТ): тұтынушылар учаскесінің қызметін талдау және бақылау.

2.3.6.4. Аға оператор: «Халық» сегментіндегі операторлардың қызметін бақылау.

2.3.6.5. Оператор (Халық/КТТ): тұтынушылардың деректерімен жұмыс істеуге арналған техникалық орындаушы.

2.3.6.6. Call-орталық операторы: байланыс арналарын және телекоммуникациялық жабдықты ұйымдастыру және сүйемелдеу.

2.3.6.7. Сүйемелдеу жөніндегі маман: техникалық қолдауды қамтамасыз ету.

2.3.6.8. Заңгер: талап-арыз жұмысын жүргізу.

2.3.7. Операциялық жүйе мен серверлік бағдарламалық қамтамасыз етудің профильдері мен қауіпсіздік саясаттарын баптау;

2.3.8. Желілік, серверлік және бағдарламалық қамтамасыз етуді қоса алғанда, ақау кезінде БТК-ның жұмыс қабілетін қалпына келтіру;

2.3.9. Тапсырыс берушінің деректерін Орындаушы тек осы Шарттың қолданылу мерзімі ішінде сақтайды және өңдейді. Шарт тоқтатылған (бұзылған) кезде Орындаушы Тапсырыс берушіге кемінде 18 айлық кезеңдегі қалыптастырылған деректер базасын (оның ішінде абоненттердің деректері, оқиғалар журналдары, өзгерістер тарихы және өзге де байланысты материалдар) Тараптар келіскен машинада оқылатын форматта 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде қабылдау-тапсыру актісі бойынша береді.

Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын (оның ішінде салық және архив заңнамасын) сақтау және сот әрі талап-арыз даулары бойынша қорғауды қамтамасыз ету мақсатында Орындаушы берілетін Деректер базасының резервтік көшірмесін архивте сақтау құқығын өзінде қалдырады.

2.3.10. Ақау кезінде деректерді резервтік көшірмеден қалпына келтіру;

2.3.11. Желілік іркілістерді талдау және жою;

2.3.12. Антивирустық қорғауды қамтамасыз ету;

2.3.13. Серверлер мен MS SQL Server ДҚБЖ мониторингі;

2.3.14. Деректер базасының (бұдан әрі – ДБ) журналдарын талдау;

2.3.15. Бағдарламалық қамтамасыз ету мен деректер базаларын рұқсатсыз қол жеткізуден қорғау;

2.3.16. Бағдарламалық қамтамасыз етудің орындалатын модульдерінің жұмыс қабілетін келісілген мерзімдерде қамтамасыз ету;

2.3.17. БТК-ның істен шығуға төзімділігін қамтамасыз ету жөніндегі жоспарлы-профилактикалық іс-шаралар;

2.3.18. Тарифтеудің икемділігі: тарифтеу логикасы мен тұрақты шамаларын қайта жүктеусіз «жедел» өзгерту мүмкіндігін қолдау.

2.3.19. Деректер базаларына қызмет көрсету (статистиканы жаңарту, индекстерді қайта құру және т.б.).

2.3.20. БТК құрамында газды есепке алу аспаптарынан бақылау көрсеткіштерін алуға арналған мамандандырылған автоматтандырылған жұмыс модулі (АЖМ) көзделеді.

2.3.21. АЖМ мынадай мүмкіндіктерді қамтиды:

2.3.21.1. деректерді жинаудың жеделдігі мен тиімділігін қамтамасыз ету үшін мобильді пайдалану;

2.3.21.2. географиялық координаттарды (GPS) тіркей отырып, көрсеткіштерді автоматтандырылған түрде алу;

2.3.21.3. көрсеткіштерді өңдеуге және валидациялауға автоматты түрде беру;

2.3.21.4. көрсеткіштердің фотосуреттерін тіркеу және сақтау;

2.3.21.5. деректер алмасу үшін БТК ішінде интеграциялау;

2.3.21.6. есептік деректерді қалыптастыру.

2.3.22. БТК шарт жасалғаннан кейін 20 күннен аспайтын мерзімде API, XML/JSON бойынша толық интеграцияны қамтамасыз етуге тиіс:

2.3.22.1. жеке сектор тұтынушыларының есепке алу аспабы көрсеткіштерін беруіне арналған мобильді қосымшамен;

2.3.22.2. атаулы әлеуметтік көмек алатын тұтынушылар туралы деректермен алмасу үшін e-Gov Mobile-да орналастырылған «Әлеуметтік әмиян» сервисімен;

2.3.22.3. төлеуге жататын сомаларды есептеуге байланысты деректерді (дербес шот, Т.А.Ә., мекенжай, сальдо, көрсеткіштер және газды есепке алу аспабының нөмірі, тариф) беру бойынша Тапсырыс берушінің «Клиринг» АЖ-мен;

2.3.22.4. ақылды газ есепке алу аспаптары бойынша есептеу жүргізуге арналған e-Qural АЖ-мен;

2.3.22.5. 1С:Бухгалтериямен: бухгалтерлік және салық есебін жүргізу үшін;

2.3.22.6. «Газдандыруға арналған техникалық шарттар» АЖ-мен: жаңа дербес шоттарды ашуға қажетті деректерді алу үшін;

2.3.22.7. «Газдандыру: Сервистік қызмет» АЖ-мен: орындалған жұмыстар актілері (қосу, ажырату) бойынша деректерді алу үшін;

2.3.22.8. АГАЖ-мен (геоақпараттық жүйе): тұтынушының ағымдағы сальдосы туралы деректерді беру үшін;

2.3.22.9. шот-түбіртектерді екінші деңгейдегі банктердің онлайн-сервистеріне жүктеу үшін Тапсырыс берушінің сервисімен.

2.3.23. Деректер базасына қойылатын жалпы талаптар

2.3.23.1. Жоғары өнімділік: нақты уақыт режимінде көп пайдаланушының бір мезгілде қол жеткізуін қамтамасыз ету.

2.3.23.2. Сенімділік: Active-Standby режимін қолдау.

2.3.23.3. Лог жүргізу: персоналдың барлық әрекеттері мен Жүйенің маңызды оқиғаларын тіркеу.

2.3.23.4. Деректерді валидациялау: енгізілетін ақпараттың дұрыстығын тексеру тетігінің болуы.

2.4. Бағдарламалық қамтамасыз етуді пысықтау.

2.4.1. Тапсырыс берушінің тапсырмалары бойынша, техникалық тапсырмаға және Тараптар келіскен мерзімдерге сәйкес БТК-ға өзгерістер енгізу. Орындаушы:

2.4.1.1. міндетке алдын ала талдау жүргізуге және талаптарды Тапсырыс берушімен келісуге;

2.4.1.2. өндірістік ортада бір реттік орындауға арналған алгоритмдер мен скрипттерді әзірлеуге;

2.4.1.3. енгізілген өзгерістерді Техникалық тапсырма талаптарына сәйкес тестілеуге;

2.4.1.4. скрипттерді тестілік және өндірістік орталарда іске қосуға;

2.4.1.5. тестілік ортаны дайындауға;

2.4.1.6. Тапсырыс беруші анықтаған Техникалық тапсырмадан ауытқуларды келісілген мерзімдерде түзетуге;

2.4.1.7. тестілеу сәтті аяқталғаннан кейін Тестілеу хаттамасына қол қоюға;

2.4.1.8. талаптар өзгерген жағдайда – жеке қосымша Техникалық тапсырма шеңберінде пысықтауды орындауға міндеттенеді.

2.4.2. Өзгерістерді өнімдік ортада іске қосу екі Тарап қол қойған Хаттамамен ресімделген тестілеудің оң қорытындысынан кейін ғана жүзеге асырылады.

2.4.3. ДБ-дағы деректерді түзетуге арналған тапсырмалар Тапсырыс берушінің ресми ақпараты негізінде тұтынушылардың дербес шоттарының мекенжайларын және басқа да деректерін өзгертуді қоса алғанда қамтуы мүмкін.

2.4.4. Бағдарламалық қамтамасыз ету функционалын пысықтау жөніндегі қызметтер, оның ішінде:

2.4.4.1. қолданыстағы есептілік нысандарын түрлендіру және жаңа нысандарды жасау;

2.4.4.2. Тапсырыс берушінің жазбаша өтінімдері негізінде ДБ-дан деректер беру және оларды түзету;

2.4.4.3. көлемі – айына 48 адам-сағаттан аспайды. Нақты еңбек шығындарын Орындаушы әрбір өтінім бойынша жеке айқындайды.

2.4.5. Талдамалық деректерді мына мерзімдерде ұсыну:

2.4.5.1. Сұрау салынған сәттен бастап 5 жұмыс күнінен аспайтын мерзімде;

2.4.5.2. Шұғыл болған жағдайда – 2 жұмыс күнінен аспайтын мерзімде.

2.4.6. Газды пайдалану қағидаларын бұзу бойынша есептеулер туралы ақпаратты Тапсырыс берушімен келіскеннен кейін ДБ-ға уақтылы енгізу.

2.4.7. Тапсырыс берушімен келісусіз ДБ үшінші тұлғаларға көрсетілмеуге тиіс.

2.5. Деректерді беру

2.5.1. Қызметтер көрсету аяқталғаннан кейін Орындаушы абоненттердің деректерін, оқиғалар журналдарын, өзгерістер тарихын және өзге де байланысты материалдарды қоса алғанда, барлық деректердің Тапсырыс берушіге Тараптар келіскен машинада оқылатын форматта толық берілуін қамтамасыз етуге міндетті.

2.5.2. Деректерді беру, оның ішінде қолданбалы бағдарламалау интерфейсі (API) арқылы және/немесе XML, JSON форматындағы не Тараптар келіскен өзге форматтағы жүктеу файлдарын ұсыну жолымен жүзеге асырылуы мүмкін.

2.5.3. Орындаушы шарттың қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде ақылға қонымды еңбек шығындары шегінде деректерді беру процесіне техникалық қолдау көрсетеді. Қосымша қолдау Тараптардың жеке келісімі негізінде көрсетіледі.

2.6. Серверлік жабдыққа қойылатын талаптар

2.6.1. Процессор – кемінде 24 ядро, жедел жады – кемінде 256 ГБ, тұрақты жады – кемінде 6 ТБ HDD және 2 ТБ SSD.

2.7. Қауіпсіздікке қойылатын талаптар

Орындаушы мыналарды қамтамасыз етуге тиіс:

2.7.1. Пайдаланушыларды сәйкестендіру және аутентификациялау.

2.7.2. Қолжетімділікті басқару: рөлдер мен функциялар деңгейінде деректерді енгізу, редакциялау және қарау құқықтарын баптау.

2.7.3. Құпиясөз саясаты: құпиясөздердің күрделілігіне, қолданылу мерзіміне және бірегейлігіне қойылатын талаптарды баптау.

2.7.4. Есептік жазбаларды бұғаттау: жүйеге кірудің 3 сәтсіз әрекетінен кейін немесе белгіленген оқиғалар бойынша (белсенді болмау, жұмыстан босату) автоматты түрде бұғаттау.

2.7.5. Деректерді қорғау: ақпаратты сақтау және беру кезінде криптографиялық қорғау.

2.7.6. Аудит және лог жүргізу: жүйеге кіру әрекеттерінің, пайдаланушылар әрекеттерінің және қауіпсіздік оқиғаларының өзгертілмейтін хаттамасын жүргізу.

2.8. Түбіртектерді басып шығару

2.8.1. Орындаушы Тапсырыс беруші бекіткен үлгі бойынша шот-түбіртектерді дайындайды және басып шығарады.

2.8.2. Шарттың қолданылу кезеңіне арналған шот-түбіртектердің жалпы саны кемінде 2 478 708 дана құрайды. Нақты көлем Тапсырыс берушінің қажеттілігіне қарай ай сайын өзгеруі мүмкін.

2.8.3. Бір шот-түбіртектің форматы – А5 форматынан аспайды (альбомдық), басып шығару – ақ-қара, бір жақты.

2.8.4. Қағазға қойылатын талаптар:

2.8.4.1. түрі: офсеттік;

2.8.4.2. маркасы: С;

2.8.4.3. тығыздығы: кемінде 100 г/м²;

2.8.4.4. ақтығы: кемінде 140%;

2.8.4.5. түсі: ақ.

2.8.5. Басып шығару анық, жағылусыз, көмескіленусіз және қағаз ақауларынсыз болуға тиіс. Мәтін мен графикалық элементтер (штрих-кодтар, QR-кодтар, логотиптер) оңай оқылуға тиіс.

2.8.6. Шот-түбіртектерде Тапсырыс беруші бекітпеген бөгде ақпаратты, жарнаманы немесе өзге материалдарды орналастыруға жол берілмейді.

2.8.7. Сапа критерийлері қабылдау актісінде тіркеледі.

2.8.8. Қызмет көрсету мерзімі 2027 жылғы қаңтардан 2027 жылғы 31 желтоқсанға дейін (қоса алғанда).

Техникалық ерекшелік мәселелері бойынша хабарласуға болады: Молдраимова Айгүл Түткабайқызы, ӨҚжГР бас маманы, тел. 87784388002 эл.пошта: moldraimova_a@aimaq.kz ішкі-2816

3. Техникалық стандарттар

№ р/с	ҚР тіркелген	Белгіленуі	Құжат нөмірі	Санаты	Атауы	Қолдану саласы	Әзірлеуші	Беттер	МКС	Мәртебесі	Бұйрық	Енгізу күні бастап	К б
1	Иә	СТ РК 34.031-2010	347058	Қазақстан Республикасының	Информационные технологии Автоматизированные системы расчетов - Биллинговые систем	Настоящий стандарт устанавливает требования к автоматизированным системам расчетов, предназначенным для автоматического сбора учетной информации с аппаратных средств операторов различных сетей связи, служащих для автоматизации процессов обслуживания физическ	Нет ()	0	Телекоммуникации. Аудио- и видеотехника	Действует	Приказом Председателя Комитета технического регулирования и метрологии Министерства индустрии и новых	01.01.2012	

				ұлттық стандарты	ы Общие технические требования Введен впервые	их и юридических лиц и расчетов с ними за все виды услуги. Настоящий стандарт не распространяется на автоматизированные системы расчетов за услуги связи, предоставляемые операторами телеграфных сетей.			(Словари)		технологий Республики Казахстан от 28 ноября 2010 года№ 538-од.		

4. Нормативтік-техникалық құжаттар

№ р/с	Атауы
1	«Тауарлық және сұйытылған мұнай газын бөлшек саудада өткізу және пайдалану қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 3 қарашадағы № 96 бұйрығы
2	«Азаматтық қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 11 сәуірдегі № 188-V Заңы
3	«Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 мамырдағы № 94-V Заңы
4	«Газ және газбен жабдықтау туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 9 қаңтардағы № 532-IV Заңы

Қол қойған Баймуратов Канат Абдигалиевич

Қол қойылған күні 23.11.2026

ТЕХНИЧЕСКАЯ СПЕЦИФИКАЦИЯ

по закупке 1273738
способом Открытый тендер

Лот № (13 У, 4591322) Услуги биллинговые

Заказчик: Акционерное общество "QazaqGaz Aimaq"

Организатор: Акционерное общество "Национальная компания "QazaqGaz"

1. Краткое описание ТРУ

Наименование	**Значение**
Номер строки	13 У
Наименование и краткая характеристика	Услуги биллинговые, Услуги комплекса биллинговых процессов
Дополнительная характеристика	Услуги комплекса биллинговых процессов.
Количество	1.000
Единица измерения	-
Место поставки	КАЗАХСТАН, Кызылординская область
Условия поставки	-
Срок поставки	с 01.2027 по 12.2027 (включительно)
Условия оплаты	Предоплата - 0%, Промежуточный платеж - 100%, Окончательный платеж - 0%

2. Описание и требуемые функциональные, технические, качественные и эксплуатационные характеристики

2.1. Описание услуги.

2.1.1. Исполнитель в течение 2 рабочих дней с даты заключения договора предоставляет Заказчику обоснованную информацию о планируемой структуре затрат, необходимых для оказания услуг, включая следующие обязательные категории:

2.1.1.1. Расходы на организацию и проведение работ по обслуживанию потребителей, включая оплату труда контролёров, съём показаний приборов учёта, взаимодействие с потребителями, доставку квитанций, транспортные и иные сопутствующие расходы.

